

## Қармақшы ауданында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орындарды белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 12 шілдедегі № 8 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 13 тамызда № 4489 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 21 шілдедегі № 295 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 21.07.2016 № 295 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңының 31 бабына, "Сауда қызметін реттеу туралы" 2004 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 8, 27 баптарына және 2005 жылғы 21 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген "Ішкі сауда ережесіне" сәйкес Қармақшы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**Ескерту. Қаулының орыс тіліндегі мәтінінің кіріспе бөлігіне өзгеріс енгізіліп, мемлекеттік тіліндегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылды - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 18.02.2014 N 267 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

1. Қосымшаға сәйкес Қармақшы ауданында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орындар белгіленсін..

2. Осы қаулының орындалуына бақылау аудан әкімінің орынбасары Е. Қалиевке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 18.02.2014 N 267 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

*Қармақшы ауданының әкімі*

*Н. Шамұратов*

## Қармақшы ауданында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орындар

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 18.02.2014 N 267 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

p/c	Елді мекеннің атауы	Орналасатын орны
1	Жосалы кенті	"Шымкент-Самара" трассасы мен Е.Көшербаев көшесінің қиылысында орналасқан аялдаманың оңтүстік жағы
2	Жосалы кенті	Өміров көшесінің бойындағы орналасқан бұрынғы "Бесаспап" базарының солтүстік-батыс жағы
3	Жосалы кенті	Е.Сексенбаев көшесінің бойында орналасқан әскери күзет мекемесіне қарама-қарсы алаң
4	Төретап кенті	Жаңқожа батыр көшесінің бойында орналасқан N 4, 6, 8, 10, 12, 14, 16, 18 үйлердің батыс жағы
5	Ақай ауылдық округі	Ақай ауылы, Абай көшесінің бойындағы N 9 ғимараттың батыс жағы
6	Қармақшы ауылдық округі	Қармақшы ауылы, Жеңіс көшесінің бойында орналасқан N 1, 3, 5 үйлердің батыс жағы
7	Жосалы ауылдық округі, Төрөбай би ауылы	Төрөбай би ауылы, П.Байшораұлы көшесінің бойында орналасқан N 17, 19 үйлердің оңтүстік жағы
8	Иіркөл ауылдық округі	Иіркөл ауылы, Е.Құрманбаев көшесі бойында орналасқан N 13-18 үйлердің оңтүстік жағы
9	Жаңажол ауылдық округі, Дұр Оңғар ауылы	Дұр Оңғар ауылы, Дұр Оңғар көшесінің бойында орналасқан N 25 үйдің шығыс жағы
10	III-интернационал ауылдық округі	III-интернационал ауылы, Астана көшесінің бойында орналасқан N 2, 5 үйлердің батыс жағы
11	Ақтөбе ауылдық округі	Ақтөбе ауылы, Самара-Шымкент трассасының Ақтөбе ауылына кіре берісіндегі жолдың солтүстік жағы
12	Ақжар ауылдық округі	Ақжар ауылы, Қ.Ізтелеуов көшесі бойында орналасқан N 22, 24 үйлердің солтүстік жағы
13	Дауылкөл ауылдық округі, Тұрмағамбет ауылы	Тұрмағамбет ауылы, Ешнияз Сал көшесінің бойында орналасқан N 30 үйдің оңтүстік жағы
14	Алдашбай Ахун ауылдық округі	Алдашбай Ахун ауылы, О.Шораяқұлы мен Ә.Егізбаев көшелерінің қиылысының солтүстік-батыс жағы
15	Қуандария ауылдық округі	Қуандария ауылы, Ә.Төртбаев көшесінің бойында N 5, 7, 9 үйлердің солтүстік жағы
16	Т.Көмекбаев ауылдық округі	Т.Көмекбаев ауылы, Ү.Аяпов көшесінің бойында орналасқан N 21 үйдің оңтүстік жағы